

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Түкиев А.С. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан) – (төраға)
Абайділдин Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург,
Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Борчашвили И.Ш. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Шерубай Құрманбайұлы – ф.ғ.д.
(Астана, Қазақстан)

Редакциялық алқа құрамы

Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан) – (төраға)
Абылайұлы А. – PhD (Астана,
Қазақстан)
Азэр Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – ҚР еңбек сіңірген
мәдениет қайраткері (Астана,
Қазақстан)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов,
Ресей)
Досмырза Д.Д. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Казиев З.Ғ. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Қоныс В.Т. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Маммадов У.Ю. – з.ғ.к. (Қазан, Ресей)
Мұшанов Т.Е. (Астана, Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Свободный Ф.К. – з.ғ.к. (Барнаул,
Ресей)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қыргызстан)
Тілембаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)

Журнал редакциясы

Колтубаева Г.Б.
Ермек А.Б.
Жұмагелдина Б.Ж.
Байленова А.Қ.
Джамбуршин К.А.

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі Ақпарат
және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі
мен мерзімі №6592-Ж. 07.09.2005 ж.)


Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғ.,
8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com
www.iz.adilet.gov.kz

МАЗМҰНЫ

Редакция бағанасы	8
Қазақстан Республикасы Әділет министрі М.Б. Бекетаевтың «Ел президентінің заң деңгейінде бекітілген өкілеттіктерін қайта бөлу туралы» мақаласы	11
Н.А. Шәйкеновті еске ала отырып	
М.Б. БЕКЕТАЕВ Профессор Н.А. Шәйкеновтің жадындағы жарқын бейнесі!	15
З.Х. БАЙМОЛДИНА Біртуар тұлға, заңгер ғалым, Қазақстанның құқықтық жүйесінің реформаторы, заң ғылымдарының докторы, про- фессор Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкеновті еске алу.	16
Б.С. КҮНШАЕВ «Тек құқық қана қақтығысты сұхбатқа айналдыруға қабілетті» Алматы қ. Медеу ауданының № 2 аудандық сотының судьясы Б.С. Күншаевтың сұхбаты.	20
С.Б. ИДРИСОВА Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкеновті еске алу.	24
Д.Б. МӘУЛЕНОВ Н.А. Шәйкенов және сот реформасы	25
Г. ТАКИШЕВА, Д. ДАУЫЛБАЕВ Болмысынан ұстаз	27
Мұрағат беттері	
Ғ. САПАРҒАЛИЕВ Қазақстан Республикасы Конституция- сын жаңғырту	30
А.А. КАРАЕВ Академик Ғ.С. Сапарғалиевтің «Қазақстан Ре- спубликасы Конституциясын жаңғырту» атты ғылыми жарияланы- мына (2007 жылғы 1 қарашадағы дөңгелек үстел материалдарының жинағы - 7-23 б.) қайта оралу	40
Мемлекет және құқық теориясы	
К.С. БІРЖАНОВА Н.А. Шәйкенов Қазақстан мемлекеттілігі тарихында	45
В.Д. ИПАТОВ (Минск қ.) Беларусь Республикасындағы тиімді құқықтық саясатты қамтамасыз ету аясында норма шығармашылық қызметті жетілдірудің басым бағыттары	50
В.Т. ҚОНЫС, К.Қ. САБИРОВ, А.Қ. ЛЯМБЕКОВА Қазақстан Республикасында заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді «топтамалық» қарау мен қабылдаудың ерекшеліктері	56
Конституциялық және әкімшілік құқық	
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа және парламенттік мониторингті жетілдіру мәселелері	63
Й. ПУДЕЛЬКА, Й. ДЕППЕ (Берлин қ., Германия) Орталық Азиядағы даму процесіндегі жалпы әкімшілік құқық	68
Азаматтық, азаматтық процестік құқық	
М.К. СҮЛЕЙМЕНОВ Азаматтық құқық және қазіргі заманғы жағдайда жеке тұлғаның құқықтарын қамтамасыз ету	80
В.Т. ҚОНЫС Нотариаттық қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесіне	94
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Интегралдық микро- схема топологиясын зияткерлік меншік объектісі ретінде құқықтық қорғау	104
Е.В. ГОРЯЧЕВА Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасындағы комиссия шарты	113

В.Ж. ШӘЙКЕНОВ, А.Т. ИДАЯТОВА Қазақстандық заңнама тұрғысынан төрелік талқылауға және төрелік келісімге қолданылатын құқықты таңдау проблемасы	120
Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс	
Р.Т. НҰРТАЕВ Қылмыстық құқық қағидаттарын сақтаудың өзекті проблемалары (Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкеновтің мерейтойына орай)	128
А.Қ. ҚАНАТОВ, Ж.Ғ. ҚАЛИШЕВА, Ж.Қ. ҚОЖАНТАЕВА Криминология ғылымындағы белгілі ғалым (Заң ғылымдарының докторы, профессор Ұзыке Сикынбайұлы Жекебаевтың 90 жылдығына орай)	136
А.К. ҚҰРМАНОВА, Қ.И. ИСМАҒҰЛОВ Features of Institute of reconciliation in civil and criminal proceedings (Азаматтық және қылмыстық сот ісін жүргізуде татуласу институтының ерекшеліктері)	142
Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы практикасынан	
А.А. МЕДИНАЕВА Ғылыми лингвистикалық сараптама: салыстырмалы талдау	149
Ғ.А. ИЛҰЯСОВА Заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аударуға байланысты өзекті мәселелер	155
Н.Н. ИСАҚ Заң шығару сапасы мәселесіне	164
Жас ғалым мінбері	
Ф.Р. АХМЕДЖАНОВ, Д.М. БІРЖАНОВА On the issue of extension of jurisdiction of the court with the participation of jurors (Алкабилердің қатысуымен өтетін соттың соттылығын кеңейту мәселесіне қатысты)	170
В.О. ИЛҰИНА Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу: уақыт талаптары	176
Ақпараттық хабарламалар	
2017 ж. 6-17 ақпандағы Астана қ. өткізілген Жас ғалымдардың мемлекеттік биліктің тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселесі жөніндегі үздік шығармаларының байқауы туралы ақпараттық хабарлама	178
2017 ж. 24 ақпандағы Астана қ. «Халықаралық терроризм туралы жан-жақты конвенцияның жобасын әзірлеудің теориялық-практикалық аспектілері: проблемалар және перспективалар» атты дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	181
2017 ж. 2 наурыздағы Астана қ. өткізілген «Құқық шығармашылықта болжау және нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың құқықтық салдарын айқындау өлшемшарттары туралы» атты дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	183
Мерейтой	
Заң ғылымдарының докторы, профессор Ұзыке Сикынбайұлы Жекебаев - 90 жаста	185
Даналық ойлар	186



Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»
Издается с 2006 года

Все материалы журнала размещаются
на сайте www.iz.adilet.gov.kz
Включен в перечень изданий
для публикации основных научных
результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Состав Редакционного совета
Тукиев А.С. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан) – (председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург,
Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Борчашвили И.Ш. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Киев, Украина)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва,
Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Ка-
захстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Шерубай Кұрманбайұлы – д.ф.н.
(Астана, Казахстан)

Состав Редакционной коллегии
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан) – (председатель)
Абылайұлы А. – PhD (Астана, Казах-
стан)
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Айымбетов М.А. – заслуженный дея-
тель культуры РК (Астана, Казахстан)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов,
Россия)
Досмырза Д.Д. – к.ю.н. (Астана, Ка-
захстан)
Дюсенов Е.А. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Казиев З.Г. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Конусова В.Т. – к.ю.н. (Астана, Казах-
стан)
Маммадов У.Ю. – к.ю.н. (Казань,
Россия)
Мушанов Т.Е. (Астана, Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-
Каменогорск, Казахстан)
Свободный Ф.К. – к.пс.н. (Барнаул,
Россия)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)
Тлембаева Ж.У. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)

Редакция журнала

Колтубаева Г.Б.
Ермек А.Б.
Жумагелдина Б.Ж.
Байленова А.К.
Джамбуршин К.А.

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан
(№ и дата первичной постановки на учет
№6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес:

Республика Казахстан,
010000, г. Астана, пр. Мәңгілік ел, д. 8
тел.: 8(7172)74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com
www.iz.adilet.gov.kz

СОДЕРЖАНИЕ

Колонка редакции.....9

Статья Министра юстиции Республики Казахстан М.Б. Беке-
таева «О перераспределении полномочий Президента страны, закре-
пленных на уровне закона».....13

Вспоминая Н.А. Шайкенова

М.Б. БЕКЕТАЕВ Светлая память профессору Н.А. Шайкенову!.....15
З.Х. БАЙМОЛДИНА Памяти выдающейся личности, ученого-
юриста, реформатора правовой системы Казахстана, доктора юриди-
ческих наук, профессора Нагашбая Амангалеевича Шайкенова.....18
Б.С. КУНШАЕВ «Тек құқық қана қақтығысты сұхбатқа
айналдыруға қабілетті» («Только право способно конфликт превра-
тить в диалог») Интервью с судьей райсуда №2 Медеуского района
г. Алматы Б.С. Куншаевым.....20
С.Б. ИДРИСОВА Памяти Нагашбая Амангалеевича Шайкенова.....24
Д.Б. МАУЛЕНОВ Н.А. Шайкенов и судебная реформа.....25
Г. ТАКИШЕВА, Д. ДАУЫЛБАЕВ Учитель по призванию.....27

Архивные страницы

Г. САПАРГАЛИЕВ Модернизация Конституции Республики
Казахстан.....30

А.А. КАРАЕВ Возвращаясь к научной публикации академика
Г.С. Сапаргалиева «Модернизация Конституции Республики Ка-
захстан» (Сборник матер. круг.стола 1 ноября 2007 г. - С. 7-23).....40

Теория государства и права

К.С. БИРЖАНОВА Н.А. Шайкенов в истории государствен-
ности Казахстана.....45

В.Д. ИПАТОВ (г. Минск) Приоритетные направления совер-
шенствования нормотворческой деятельности в контексте обеспе-
чения эффективной правовой политики в Республике Беларусь.....50

В.Т. КОНУСОВА, К.К. САБИРОВ, А.К. ЛЯМБЕКОВА
Особенности «пакетного» рассмотрения и принятия законов и
иных нормативных правовых актов в Республике Казахстан.....56

Конституционное и административное право

Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Конституционная реформа и во-
просы совершенствования парламентского мониторинга в Респу-
блике Казахстан.....63

И. ПУДЕЛЬКА, Й. ДЕППЕ (г. Берлин, Германия) Общее ад-
министративное право в Центральной Азии в процессе развития.....68

Гражданское и гражданско-процессуальное право

М.К. СУЛЕЙМЕНОВ Гражданское право и обеспечение
прав личности в современных условиях.....80

В.Т. КОНУСОВА К вопросу о повышении качества оказания
нотариальных услуг.....94

И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Правовая охрана то-
пологии интегральной микросхемы как объекта интеллектуальной
собственности.....104


Е.В. ГОРЯЧЕВА Договор комиссии в гражданском законода-
тельстве Республики Казахстан.....113

В.Ж. ШАЙКЕНОВ, А.Т. ИДАЯТОВА Проблема выбора
применимого к арбитражному разбирательству и арбитражному
соглашению права с точки зрения казахстанского законодательства.....120

Уголовное право и уголовный процесс

Р.Т. НУРТАЕВ Актуальные проблемы соблюдения принци-
пов уголовного права (к юбилею Нагашбая Амангалеевича Шай-
кенова).....128

А.К. КАНАТОВ, Ж.Г. КАЛИШЕВА, Ж.К. КОЖАНТАЕВА Крупный учёный в науке криминологии (К 90-летию доктора юридических наук, профессора Узыке Сикунбаевича Джекебаева).....	136
А.К. КУРМАНОВА, К.И. ИСМАГУЛОВ Features of Institute of reconciliation in civil and criminal proceedings (Особенности института примирения в гражданском и уголовном судопроизводстве).....	142
Из практики законотворчества на государственном языке	
А.А. МЕДИНАЕВА Научная лингвистическая экспертиза: сравнительный анализ.....	149
Г.А. ИЛЪЯСОВА Актуальные проблемы, связанные с переводом текста законодательных актов на государственный язык.....	155
Н.Н. ИСАК К вопросу качества законотворчества.....	164
Трибуна молодого ученого	
Ф.Р. АХМЕДЖАНОВ, Д.М. БИРЖАНОВА On the issue of extension of jurisdiction of the court with the participation of jurors (К вопросу о расширении подсудности суда с участием присяжных заседателей).....	170
В.О. ИЛЫНА Внесение изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан: вызовы времени.....	176
Информационные сообщения	
Информационное сообщение о конкурсе лучших сочинений молодых ученых по вопросу перераспределения полномочий между ветвями государственной власти, г. Астана, 6-17 февраля 2017 г.....	178
Информационное сообщение о круглом столе «Теоретико-практические аспекты разработки проекта Всеобъемлющей Конвенции о международном терроризме: проблемы и перспективы», г.Астана, 24 февраля 2017 г.....	181
Информационное сообщение о круглом столе «О прогнозировании в правотворчестве и критериях определения правовых последствий принятия нормативных правовых актов», г. Астана, 2 марта 2017 г.....	183
Юбилей	
Доктору юридических наук, профессору Узыке Сикунбаевичу Джекебаеву – 90 лет.....	185
Мудрые мысли	186



Owner and publisher:
SI «Legislation Institute
of the Republic of Kazakhstan»

Published since 2006

All journal materials are placed
on the website

www.iz.adilet.gov.kz

Included in the list of publications of basic
scientific results of dissertations on legal
sciences (Order CCES MES RK №894
from 05.30.2013)

Editorial Council members

Tukiyev A.S. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
– (Chairman)

Abaydeldinov E.M. – d.j.s. (Astana,
Kazakhstan)

Abyzov R.M. – d.j.s. (Moscow, Russian)

Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)

Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)

Borchashvili I.Sh. – d.j.s. (Astana, Ka-
zakhstan)

Melnic R.S. – d.j.s. (Kiev, Ukraine)

Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)

Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)

Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)

Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)

Sherubai Kurmanbaiuly – d.ph.s.
(Astana, Kazakhstan)

Editorial Board members

Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana,
Kazakhstan) – (Chairman)

Abylaiuly A. – PhD (Astana, Kazakhstan)

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)

Aiymbetov M.A. – Honored Worker of
Culture of Kazakhstan, (Astana, Kazakh-
stan)

Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Rus-
sian)

Dosmyrza D.D. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)

Dyusenov E.A. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)

Kaziyev Z.G. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)

Konusova V.T. – c.j.s. (Astana, Kazakh-
stan)

Mammadov U.Y. – c.j.s. (Kazan', Rus-
sian)

Mushanov T.E. (Astana, Kazakhstan)

Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kame-
nogorsk, Kazakhstan)

Svobodniy F.K. – c.ps.s. (Barnaul, Rus-
sian)

Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek,
Kyrgyzstan)

Tlembaeva Zh.U. – c.j.s. (Astana, Ka-
zakhstan)

The editorial staff

Koltubayeva G.B.

Yermek A.B.

Zhumageldina B.Zh.

Bailenova A.K.

Dzhamburshin K.A.

The certificate of registration of mass media
№11219-G from 15.11.2010 from
the Committee of Information and Archives
of the Ministry of Culture and Information
of the Republic of Kazakhstan
(Number and date of primary registration
№6592-Zh.07.09.2005.)

Address:

The Republic of Kazakhstan,
010000, Astana, Mangilik el pr., 8
tel.: 8 (7172) 74-02-06
fax: 8 (7172) 74-14-43
e-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com
www.iz.adilet.gov.kz

CONTENT

Editorial.....10

*An article of M.B. Beketayev, the Minister of Justice of the Republic
of Kazakhstan "On the redistribution of the President's powers"*.....11

Memories of N.A. Shaikenov

M.B. BEKETAYEV Cherished memory of the Professor
N.A. Shaikenov!.....15

Z.H. BAYMOLDINA In memory of an outstanding personality,
a legal scientist, reformer of the legal system of Kazakhstan, Doctor of
Law, Professor Nagashbay Amangaleevich Shaykenov.....16

B.S. KUNSHAYEV «Only the law is able to turn the conflict
into a dialogue.» Interview with the №2 district court judge of Medeu
district of Almaty by B.S. Kunshayev.....20

S.B. IDRISOVA In memory of Nagashbay Amangalievich
Shaikenov.....24

D.B. MAULENOV N.A. Shaikenov and judicial reform.....25

G. TAKYSHEVA, D. DAULBAYEV Teacher by vocation.....27

Archive page

G. SAPARGALIYEV Modernization of the Constitution of the
Republic of Kazakhstan.....30

A.A. KARAYEV Revert to scientific publication of academician
G.S. Sapargaliyev "Modernization of the Constitution of the Republic
of Kazakhstan" (Collection of round table materials November 1, 2007
- pp 7-23).....40

Theory of State and Law

K.S. BIRZHANOVA N.A. Shaikenov in the history of Kazakhstan
statehood.....45

V.D. IPATOV (Minsk, Belarus) The priority ways of improvement
of the rule-making activity in the context of providing effective legal
policy in the Republic of Belarus.....50

V.T. KONUSOVA, K.K. SABIROV, A.K. LYAMBEKOVA
Some features of the «package» principle of consideration and
adoption of laws and other legal acts of the Republic of Kazakhstan.....56

Constitutional and administrative law

E.M. ABAYDELINOV Constitutional reform and issues
of improvement of parliamentary monitoring in the Republic of
Kazakhstan.....63

J. PUDELKA, J. DEPPE (Berlin, Germany) General
administrative law in Central Asia in the development process.....68

Civil and Civil Procedural Law

M.K. SULEYMENOV Civil law and protection of individual
rights in modern conditions.....80

V.T. KONUSOVA On the issue concerning improvement of the
quality of notary services.....94

I.K. ELEUSSIZOVA, D.M. TURLYBEK Legal protection of integrated circuit topology as an object of intellectual property.....	104
E.V. GORYACHEVA Commission contract in civil legislation of the Republic of Kazakhstan.....	113
V. ZH. SHAIKENOV, A.T. IDAYATOVA The problem of choosing applicable law to arbitration and the arbitration agreement in the context of the Kazakhstan legislation.....	120

Criminal law and criminal procedure

R. NURTAYEV Current problems of compliance with the principles of criminal law (The article on the anniversary of Nagashybay Amangaleevich Shaikenov).....	128
A.K. KANATOV, ZH.G. KALISHEVA, ZH.K. KOZHANTAYEVA A leading scholar of criminology (For the 90th anniversary of Uzyke S. Dzhekibaev, Doctor of Law, Professor).....	136
A.K. KURMANOVA, K.I. ISMAGULOV Features of institution of conciliation in civil and criminal proceedings.....	142

Lawmaking practice in the official language

A.A. MEDINAYEVA The scientific linguistic expertise: comparative analysis.....	149
G.A. ILYASOVA Current problems related to the translation of texts of acts to the state language.....	155
N.N. ISAK The issue of lawmaking quality.....	164

Young scholar tribune

F.R. AKHMEDZHANOV, D.M. BIRZHANOVA On the issue of extension of jurisdiction of the court with the participation of jurors.....	170
V.O. ILINA The amendment of Constitution of the Republic of Kazakhstan: contemporary challenges.....	176

Information letters

Information note about the competition for the best essay of young scientists on the redistribution of powers among the branches of government, Astana, 6-17 February 2017.....	179
Information note about the round table on “Theoretical and practical aspects of development of draft of the comprehensive convention on international terrorism: problems and prospects”, Astana, 24 February 2017.....	181
Information note about the round table on «Forecasting in law-making and the criteria for determining the legal consequences of the adoption of regulatory legal acts», Astana, March 2, 2017.....	183

Anniversaries

90 years to the Doctor of Law, Professor Uzyke S. Dzekebayev.....	185
---	-----

Wise thoughts	186
----------------------------	-----



УДК 81'1'42

ҒЫЛЫМИ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Акерке Аманқызы Мединаева

Қазақстан Республикасы Заңнама институты

Лингвистика орталығының аударма секторының жетекші ғылыми қызметкері;

Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: a.medinaeva@adilet.gov.kz

Түйін сөздер: заң жобасы; халықаралық шарт жобасы; лингвистикалық сараптама; терминдер.

Аннотация. Қазақстан Республикасында заң жобалары мен халықаралық шарттар жобаларын әзірлейтін мемлекеттік органдар оларды ресми тіл ретінде қолданылатын орыс тілінде әзірлейді де, кейіннен оны мемлекеттік тілге аудару жұмысын жүргізеді. Заң жобасы немесе халықаралық шарт жобасының орыс тіліндегі мәтіні мүдделі органдармен бірге жан-жақты қаралады, пысықталады, қажет болған жағдайда оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Содан кейін ғана заң жобасын не халықаралық шарт жобасын қазақ тіліне аудару мәселесі туындайды. Әдетте, орыс тілінде әзірленген заң жобасын қазақ тіліне аударуға бірнеше күн беріледі де, аудармашылардың мәтінді аударып, кейіннен тағы бір қарап, пысықтап шығуына уақыт жетпейді. Оның үстіне, кейде заң жобасының мәтінін қазақ тіліне аудару жұмысының барысына заң жобасы реттейтін қоғамдық қатынас саласының өзіндік ерекшеліктерін жақсы түсінетін, білетін аудармашының не екі тілді жақсы меңгерген заңгердің араласуына тура келеді. Әйтпесе заң жобасында баяндалған құқықтық норманың бұрмаланып аударылуы ғажап емес.

Осыған орай жүргізілетін ғылыми сараптамалар қатарына ғылыми лингвистикалық сараптаманы қосу олардың қазақ тіліндегі мәтінінің редакциясын сапасын жақсарту мақсатында енгізілгені айқын.

Заң жобалары мен халықаралық шарттар жобаларына жүргізілетін ғылыми лингвистикалық сараптаманың құқықтық негізінің айқындалуы оның басқа ғылыми сараптамалармен қатар жүргізілуі міндетті екенін назарға алу қажет.

Мақалада елімізде және көршілес жатқан Ресей Федерациясында заң жобаларына жүргізілетін ғылыми лингвистикалық сараптама мақсаты мен тәртібі, шарттары мен ерекшеліктері, сондай-ақ екі ел арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар атап көрсетіледі.

Одан басқа заң жобасының қазақ тіліндегі мәтініне ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу барысында айқындалған, мақалада көрсетілген кемшіліктер әзірлеуші мемлекеттік органдардың, келешекте заң жобасының қазақ тіліндегі аудармасын қамтамасыз ететін қызметкерлердің оларға назар аударуы үшін мысал ретінде берілген.

Мақала заң жобасының мемлекеттік тілдегі мәтінінің редакциясы сапасын жақсартуға өз үлесін қосады.

НАУЧНАЯ ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Мединаева Акерке Амановна

Ведущий научный сотрудник сектора перевода Центра лингвистики

Института законодательства Республики Казахстан;

г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: a.medinaeva@adilet.gov.kz

Ключевые слова: законопроект; проект международного договора; лингвистическая экспертиза; термины.

Аннотация. В Республике Казахстан законопроекты и проекты международных договоров разрабатываются государственными органами-разработчиками на официальном русском языке, после чего ведется работа по обеспечению их перевода на государственный язык. Законопроекты или проекты международных договоров полностью рассматриваются и дорабатываются всеми заинтересованными органами, при необходимости в них вносятся изменения и дополнения. После чего поднимается вопрос обеспечения перевода на казахский язык законопроектов и проектов международных договоров. Обычно на перевод законопроекта или проекта международного договора, разработанного на русском язы-

ке, дается всего лишь несколько дней, за это время переводчик переводит текст, но не успевает его доработать. Тем более, иногда в ходе перевода текста законопроекта на казахский язык приходится привлекать юриста, владеющего двумя языками, и знающего, понимающего специфические особенности сферы общественных отношений, которые регулируются законопроектом. Иначе не избежать искаженного перевода правовой нормы, изложенной в законопроекте.

В связи с этим очевидно включение в ряд научных экспертиз научной лингвистической экспертизы в целях улучшения редакции текста законопроекта на казахском языке.

Необходимо принять во внимание, что определение правовой основы проведения научной лингвистической экспертизы на законопроекты и проекты международных договоров является обязательным наряду с другими видами научных экспертиз.

В данной статье указываются цели и порядок, условия и особенности, а также сходства и отличия проведения научной лингвистической экспертизы на законопроекты в нашей стране и Российской Федерации.

Кроме того, приведены примеры недочетов, выявленных в ходе проведения научной лингвистической экспертизы на текст законопроекта на казахском языке для того, чтобы обратить на них внимание сотрудников, обеспечивающих перевод законопроекта на казахский язык, и недопущения такого в будущем.

Статья внесет свой вклад в улучшение качества редакции законопроекта на государственном языке.

THE SCIENTIFIC LINGUISTIC EXPERTISE: COMPARATIVE ANALYSIS

Medinaeva Akerke

*Leading Researcher of the sector of translation of Linguistic center
of the Legislation Institute of the Republic of Kazakhstan,
Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: a.medinaeva@adilet.gov.kz*

Key words: projects law; projects international treaty; linguistic expertise; termin.

Abstract. In the Republic of Kazakhstan projects laws and projects international treaties developed by public authorities, on the official Russian language, after which the work is under way to ensure their translation into the official language. Bills or draft international treaties fully considered and finalized all the concerned authorities, if necessary, they make changes and additions. Then rises the issue of the translation into Kazakh laws and of international treaties. Typically, the translation of the draft law or international treaty of the project, designed in Russian, given only a few days, during which time the translator translates the text, but does not have time to refine. Moreover, sometimes in the course of the translation of the text of the bill into the Kazakh language have to involve a lawyer, bilingual and knowledgeable, understanding the specific features of the sphere of social relations, which are regulated by the bill. Otherwise, do not avoid the distorted translation of the legal norm set out in the bill.


In this connection it is obvious inclusion of a number of scientific expertise of scientific linguistic expertise in order to improve the wording of the bill text in the Kazakh language

It should be appreciated that the determination of the legal basis of the scientific linguistic expertise on bills and drafts of international treaties is a must, along with other types of scientific expertise

This article specifies the purpose and procedures, conditions and features, as well as the similarities and differences conduct of scientific linguistic expertise in our country, and the Russian Federation.

In addition, examples of the shortcomings identified in the course of scientific linguistic expertise on the text of the bill in the Kazakh language in order to bring them to the attention of staff employees to translation of the draft law on the Kazakh language and avoid this in the future.

The article will contribute to improving the quality of the editorial board of the bill on the state language



Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін белгілейтін тіл туралы заңда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.» деп көзделген¹.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабына сәйкес мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады².

Демек, орыс тілі ресми тіл ретінде қолданылатындықтан, әртүрлі қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық базаны да екі тілде қалыптастыру қажет.

Заңнамалық актілер, нормативтік құқықтық актілер және халықаралық шарттар жобаларын әзірлейтін мемлекеттік органдар оларды орыс тілінде әзірлеп, кейіннен қазақ тіліне аударылуын қамтамасыз етеді. Бұл актілердің бірден қазақ тілінде әзірленбеуіне мемлекеттік тілді жетік меңгерген заңгерлердің, әр саланың өзіндік ерекшеліктерін мемлекеттік тілде баяндай алатын мамандардың болмауы басты себеп болады.

Уақыт өткен сайын заңнамалық актілердің, нормативтік құқықтық актілердің және халықаралық шарттардың мемлекеттік тілдегі мәтінінің сапасы өте төмен және көптеген кемшіліктер мен олқылықтардың бар екені анықталды. Сондықтан оларды әзірлеу сатысында, яғни бұл актілердің жобаларына ғылыми құқықтық сараптамамен қатар лингвистикалық сараптама жүргізу қажеттігі туындады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір қаулыларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу тәртібіне қатысты өзгерістер енгізілді.

Өзгеріс енгізілген қаулыларға сәйкес заң жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына басқа ғылыми сараптамалармен қатар, ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу шарттары, тәртібі мен мерзімі бекітілді. Ғылыми

лингвистикалық сараптаманы жүргізетін уәкілетті ұйым ретінде Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Лингвистика орталығы белгіленді.

Бұдан басқа, нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 3-тармағында белгіленген, алайда бүгінгі күні жоғарыда көрсетілген заң Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңымен күшін жойған. Бірақ мұндай талаптар туралы норма жаңа «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабында белгіленген және оған сәйкес «Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер қамтылмауға тиіс.

Ескірген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементінде жазылған құқық нормасы нақ осы актінің басқа құрылымдық элементтерінде қайталап жазылмайды.

Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс.» деп көзделгенін атап өту керек³.

Өз кезегінде, Лингвистика орталығы заң жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу барысында жоғарыда көрсетілген норманы негізге ала отырып, лингвистикалық зерттеудің әдістемелік негіздерін: ғылыми лингвистикалық сараптаманы жүргізуде шолу, стилистикалық талдау, салыстыру сияқты жалпы ғылыми әдістер және тіл білімінің басқа да әдістемелік тәсілдерін қолданады.

¹ «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>

² Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

³ «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480>

Ғылыми лингвистикалық сараптаманың мақсаты заң жобаларының, халықаралық шарттар жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің дәлме дәлдігін, яғни сөздер мен сөз тіркестерінің, белгілі бір терминдердің, сөйлемдердің дұрыс аударылуын, грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық қателіктердің болмауын, артық сөздердің қолданылмауын, заң техникасының сақталуын айқындау болып табылады.

Осы орайда ғылыми лингвистикалық сараптамаға келіп түсетін заң жобаларының орыс тіліндегі мәтіні мен қазақ тіліндегі мәтінінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету бойынша жұмыс барысында анықталған, әзірлеуші мемлекеттік орган жіберген бірқатар кемшіліктерді атап көрсетуге болады.

Мысалы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының қазақ тіліндегі мәтінін орыс тіліндегі мәтінмен салыстыру кезінде артық цифрлардың жазылуы, грамматикалық, стилистикалық сипаттағы қателіктер, аударылмай қалып кеткен сөздердің болуы, сөздерді дұрыс аудармау сияқты кемшіліктер анықталды. Яғни, осы заң жобасымен «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 2-тармағына өзгеріс енгізіледі, оған сәйкес оның орыс тіліндегі мәтіні мынадай редакцияда берілген: «2. Объектами технического регулирования и стандартизации в области производства и оборота нефтепродуктов являются нефтепродукты, а также процессы их производства, хранения, транспортировки, реализации, уничтожения и утилизации.». Тиісінше әзірлеуші орган осы тармақты қазақ тіліне: «2. Мұнай өнімдерін өндіру мен оның айналысы саласында техникалық реттеу мен стандарттау объектілері мұнай өнімдері, сондай-ақ оларды өндіру, сақтау, тасымалдау, сату, жою және кәдеге жарату процестері болып табылады.» деп аударып, сөздердің орын тәртібіне мән бермеген. Осы тармақты орыс тіліндегі мәтінмен салыстыра отырып, сөздердің орын тәртібін ауыстыру және дұрыс аударылмаған сөздерді қайта аудару арқылы берілген тармақтың қазақ тіліндегі редакциясын былайша өзгерту ұсынылды: «2. Мұнай өнімдері, сондай-ақ оларды өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу, жою және кәдеге жарату процестері мұнай өнімдерін өндіру мен оның айналымы

саласындағы техникалық реттеу мен стандарттау объектілері болып табылады.». Бұл жерде ұсынылған редакцияны жақсарту, сөздердің орын тәртібін сақтау және олардың дұрыс аудармасын пайдалану сияқты жұмыс жүргізілгенін атап өту қажет.

Бұдан басқа, заң жобасының орыс тіліндегі мәтінінде қолданылған «компандинирование», «отгрузка», «реализация», «резервуарный парк» деген сөздер «компандинрлеу», «тиеуге», «сату», «резервуарлық парк» деп дұрыс аударылмаған. Оларды қазақ тіліндегі мәтінде тиісінше «компандиндеу», «тиеп-жөнелту», «өткізу», «резервуар паркі» деген сөздермен ауыстыру ұсынылады.

Сонымен қатар, атап көрсетілген заң жобасында «Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабын 16-1) тармақшамен толықтыру ұсынылады, оған сәйкес бұл тармақшаның орыс тіліндегі мәтіні мынадай редакцияда берілген: «16-1) осуществляет рассмотрение проектов документов по стандартизации в пределах компетенции, а также подготовку предложений по разработке, актуализации и отмене национальных, межгосударственных стандартов и национальных классификаторов технико-экономической информации;». Осы тармақшаның қазақ тіліндегі нұсқасын әзірлеуші орган былайша аударған: «16-1) құзыреті шеңберінде стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларын қарастыруды, сондай-ақ ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды және ұлттық техника-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін әзірлеу, өзектендіру және жою бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;». Көрсетілген тармақшаның екі тілдегі нұсқасын салыстыра отырып, орыс тіліндегі «в пределах», «рассмотрение», «актуализации», «отмене», «технико-экономической» деген сөздердің қазақ тіліне тиісінше «шеңберінде», «қарастыруды», «өзектендіру», «жою», «техника-экономикалық» деп аударылуы еріксіз назар аудартады. Себебі тармақшаның орыс тіліндегі редакциясы бойынша ұлттық стандарттарға өзекті сипат беру, олардың күшін жою туралы ұсыныстар дайындау екені анық. Бұл ретте әзірлеуші мемлекеттік органның бұл тармақшаны сөзбе-сөз, яғни тікелей аударып, мағынасына көңіл бөлмегенін және грамматикалық қателікке жол бергенін атап өту керек. Тиісінше бұл тармақшаны мынадай редакцияда түзету ұсынылады: «16-1) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларын қарауды, сондай-ақ ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін

әзірлеу, оларға өзекті сипат беру және олардың күшін жою бойынша ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады;».

Оның үстіне, орыс тіліндегі «актуализация» деген сөз Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігінде қазақ тіліне «өзекті сипат беру» [1] деп аударылғанын ескерген жөн.

Бұл кемшіліктер орыс тіліндегі мәтінді қазақ тіліндегі мәтінге сәйкес келтіру әрі қазақ тіліндегі мәтін сапасын жақсарту мақсатында ұсынылды, әзірлеуші мемлекеттік орган осы олқылықтарды ескеріп, заң жобасының қазақ тіліндегі мәтінін пысықтады. Мұндай жұмыс заң жобасының мемлекеттік тілдегі мәтінін пысықтау, оны одан әрі жетілдіру үшін қажет екені айқын.

Осылайша ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу арқылы заң жобаларының және халықаралық шарттар жобаларының қазақ тіліндегі мәтінінің сапасы жылдан жылға жақсаруда деп айтуға болады.

Жоғарыда елімізде жүргізілетін ғылыми сараптамалардың жаңа түрі ретінде енгізілген ғылыми лингвистикалық сараптаманың мақсатын, тәртібі мен шарттарын және оны жүргізу ерекшеліктерін атап өттік.

Сондай-ақ ғылыми лингвистикалық сараптама біздің елімізден басқа қандай елде жүргізіледі деген сұраққа жауап іздедік.

Жауап іздей отырып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері ішінен Қазақстаннан басқа, көршілес Ресей Федерациясында заң жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізілетінін анықтадық. Бірақ Ресейде мемлекеттік тіл де, ресми тіл де орыс тілі болғандықтан, заңнамалық актілер орыс тілінде жазылатыны айқын. Соған қарамастан, заң жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізудің қысқаша анықтамасы Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысының Мемлекеттік Думасы Регламентінің 121-бабы жетінші бөлігінде берілген: «Заң жобасының лингвистикалық сараптамасы ұсынылған мәтіннің нормативтік құқықтық актілер тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі орыс әдеби тілінің нормаларына сәйкестігін бағалау және грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық, логикалық, редакциялық-техникалық қателіктерді және терминдер пайдалануда қателіктерді жою бойынша ұсынымдар беру болып табылады.»⁴.

Регламентке сәйкес заң жобасына

лингвистикалық сараптама Мемлекеттік Думаның жауапты комитетінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады. Заң жобасы бойынша негізгі жұмыс екінші оқылым алдында жүргізіледі. Бұл кезеңде заң жобасының кешенді құқықтық және лингвистикалық сараптамасы баптар бойынша жүргізіледі және тиісті қорытынды дайындалады. Заң жобасына жүргізілетін лингвистикалық сараптаманың мәні заң жобасының тілі мен стилін қазіргі орыс әдеби тілінің нормаларына сәйкестікке келтіру, терминологиядағы алшақтықтарды анықтау, заң жобасындағы терминдерді заңнамада қолданылатын терминдерге жатқызу, логикалық, техникалық қателіктерді жою, тұжырымдарды нақтылау болып табылады.

Үшінші оқылым алдында заң жобасының мәтініне екінші оқылым барысында енгізілген түзетулерді енгізгеннен кейін туындауы мүмкін ішкі қайшылықтарды жою және баптардың өзара дұрыс байланысын орнату үшін қажет редакциялық түзету ғана ұсынылу мүмкін.

Ресей Федерациясының «Заң жобаларының лингвистикалық сараптамасы» бойынша әдістемелік ұсынымдарына сәйкес заң жобасының тілі мен стилін анықтау бойынша жұмыс жүргізу кезінде тілдің ресми-іскерлік функционалдық стильдегі актілерге қойылатын талаптарды және заңнамалық актілер тілінің өзіндік ерекшеліктері басшылыққа алынады. Яғни, мұндай ұсынымдардың мәні:

- құқықтық нормаларды баяндау логикасының сақталуына;
- құқықтық нормалардың айқын және жасырын қарама-қайшылықтарының болмауына;
- құқықтық нормаларды қалыптастыру кезінде заң және басқа да арнайы терминдерді пайдалану дәлдігіне;
- заңнамалық актілердің стилін, бірінші кезекте құқықтық нормалардың айқындылығын, ықшамдығын сақтауға қойылатын талаптар болып табылады.

Бұл ретте заң жобасының мәтінін талдау және бағалау қорытындысының объективтілігіне негізгі талаптарды кешенді түрде пайдаланған жағдайда ғана қол жеткізіледі.

Сонымен қатар, ресейлік лингвистер заңнамалық акт жобасына лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде мынадай:

- терминдер мен сөздердің лексикалық үйлесімділігін таңдауда дәлдікті талдау және бағалау;

⁴ Регламент Государственной Думы. Принят постановлением Государственной Думы Федерального Собрания Российской Федерации от 22 января 1998 года № 2134-П ГД. Қол жеткізу режимі: <http://www.duma.gov.ru/about/regulations/>

- тек жекеше немесе тек көпше түрінде қолданылатын зат есімдерге назар аудару;
- таңдап алынған терминдердің синонимдерін қатар пайдалануға жол бермеу;
- бейтарап лексиканы іріктеудің жалпы қағидаларын қолдану;
- орыс тілінің грамматикасында қолданылатын кішірейткіш-еркелеткіш жұрнақтары бар сөздерді пайдаланбау;
- заң терминдерін шектеусіз пайдалану;
- заңнамалық акт жобасында органдардың атауын түпмәтінге қарай қысқарту сияқты талаптарды негізге алу қажет.

Бұдан басқа, заңнамалық актілер жобаларында қолданылатын сөйлемдердің (жай сөйлем, құрмалас сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем), жалғаулық шылаулардың (және, сондай-ақ, ал), тыныс белгілерінің (жақша) қайсысы орынды пайдаланылатынына басымдық беріледі.

Одан басқа, заң жобасына лингвистикалық сараптаманы жүзеге асыру кезінде заң жобасының терминологиясының дұрыс пайдаланылуына ерекше көңіл бөлінеді:

- ұғымдар анықтамасы көлемінің жеткіліктілігі, осындай анықтаманың дәлдігі мен қысқалығы талданады;
- әрбір терминді пайдалану мақсаттылығы айқындалады, заң жобасының құрылымында терминдердің жүйе құраушы элементі функциясын орындау дәрежесі белгіленеді;
- терминдерді қайта пайдалану кезінде олардың дұрыс пайдаланылуы (терминнің толық атауын пайдалану немесе терминді қысқарту енгізілген жағдайда оның қысқартылғаны формасын дәйекті түрде пайдалану) тексеріледі;
- терминдерді біріздендіру жүргізіледі, логикалық қатары бір терминдердің біркелкі жазылуы бақыланады, қайталанатын терминдер айқындалады, заң жобасының ұқсас ережелерінде терминологиялық және тілдік алшақтықтары атап өтіледі;
- ескірген, бір мағынасыз терминдер, неологизм терминдер, Ресей Федерациясы

Конституциясының, Ресей Федерациясы заңнамасының терминологиясына сәйкес келмейтін терминдер анықталады;

- кәсіби терминдердің пайдаланылуы қажеттігі нақтыланады⁵.

Жоғарыда көрсетілген әдістемелік ұсынымда заң жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде басшылыққа алынатын қағидалар мен ережелер, ерекше назар аударарлық талаптар мен шарттар, заң жобасын техникалық ресімдеуге, оның құрылымына қойылатын талаптар және жол берілетін кемшіліктер атап көрсетілген. Біз олардың барлығын көрсетпей-ақ, негізгілерін атап өтуді жөн көрдік.

Осылайша, ресейлік лингвистер тек орыс тілінде жазылатын заңнамалық актілер жобаларының мәтініне жан-жақты, яғни грамматикалық, лексикалық, логикалық, синтаксистік, морфологиялық, пунктуациялық, стилистикалық талдау жасаса, біздің елімізде ғылыми лингвистикалық сараптама заң жобасының орыс және қазақ тілдеріндегі мәтінін салыстыра отырып, олардың бір-біріне теңтүпнұсқалығын, терминдердің бірізді қолданылуын, грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық, пунктуациялық кемшіліктердің болмауын қамтамасыз ету үшін жүргізіледі. Екі елде де заң жобасының мәтініне, жазылу тілі мен стиліне, пайдаланылатын терминдер мен ұғымдардың мағынасына, кемшіліктердің болмауына ерекше көңіл бөлетінін атап өту керек.

Қорыта келе айтарымыз, өзімізді ұлт ретінде танытқымыз келсе, әуелі мемлекеттік тілімізге ден қойып, оның өркендеуіне, әсіресе, түрлі қоғамдық қатынастарды реттейтін заң тілінің қалыптасуына ерекше назар аударғанымыз жөн. Сондай-ақ кез келген құқықтық мемлекет сияқты біз де өз нормативтік құқықтық базамыздың мемлекеттік тілде қалыптасуына ат салысуымыз әрбір азаматтың борышы деп білеміз.

Әдебиет

1. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі. – Астана, 2011. – 220 б.

References

1. Zannama terminderinin kazaksha-orysssha, orysssha-kazaksha sozdigi. – Astana, 2011. – 220 p.

⁵ Методические рекомендации «По лингвистической экспертизе законопроектов». Қол жеткізу режимі: https://ceur.ru/library/docs/departamental_regulations/item134003/